

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Халықаралық шарттар құқығы
3-бөлім





Шарттың жарамсыздығы, тоқтатылуы және уақытша тоқтату

1969 жылы қабылданған Халықаралық шарттар туралы Вена конвенциясына сәйкес «шарттың жарамдылығы мен күшінің сақталуына тек шарттың, келісімнің, конвенцияның мәтіні негізінде ғана күмән келтіруге болады». Ал 44-бап бойынша «шартта басқаша айтылмаса немесе шартқа қатысушылар келіссе, мемлекет шарттың белгілі бір бөлігінен емес, шарттан толық шыға алады және оның қолданылуын тоқтата алады». Егер шарттың жарамсыздығына, шартты тоқтатуға, шарттан шығуға немесе уақытша тоқтатуға жеткілікті негіз болса, оны нақты шарттың ережесіне қатысты қолдану үшін ереже мынадай болуға тиіс:

1. Бұл ережені шарттың басқа нормаларынан ажыратып қолдануға болады;
2. Шарттан туындайтын осы ережені қабылдау тұтастай алғанда шарттың міндеттемесіне басқа тараптың немесе тараптардың келісім беруі маңызды негіз болмайтынын анықтайды;
3. Шарттың қалған бөлігін орындауды жалғастыру әділетті болар еді.

Осылайша, конвенцияда шарттың нормаларын осы контекстегідей бөліп қарастыру мәселесіне сақтықпен қарау керектігі айтылған. 45-бапта «егер мемлекет қандай да бір фактіге көз жеткізгеннен кейін осы фактіге қарамастан, шарттың күші жалғастырыла беретініне келісім берсе, одан кейін шарттың жарамсыздығына, тоқтатылуына, шарттан шығуға немесе уақытша тоқтатуға негіз болатын жайттарға сілтеме жасау құқығынан айырылады», – деп жазылған.

Шарттың жарамсыздығы. Муниципалдық (ұлттық) құқық

Мемлекет келісімге қол қойса, одан кейін ішкі конституциялық негізінің бұзылғанына сілтеме жасау арқылы шартты жарамсыз деп тани алмайды. Халықаралық құқық мамандары бірнеше жыл бойы осы мәселе жөнінде, пікірталас жүргізуде. Мысалы, олар мемлекеттің басшысы халықаралық шартқа қол қойған кезде мемлекеттің ішкі құқығында белгіленген шектеулер сол халықаралық келісімді жарамсыз ете ала ма деген мәселе бойынша дауласып келді. Конвенцияда бұл туралы нақты пікір жоқ, бірақ кейбір нормалар бар.

Конвенцияның 46(1)-бабы бойынша: «Мемлекет өзінің халықаралық шартқа келісім беруі халықаралық шарт жасасуға өкілдік беретін ішкі құқық нормаларын бұзу арқылы істелгеніне сілтеме жасай алмайды, сондай-ақ егер ондай норма бұзылуының нақты көрінісі табылмаса және ішкі құқығының негізгі қағидаттарына қайшы келмесе, жасалған халықаралық шарттың күшін жоя алмайды».

Кез келген мемлекет кәдімгі практика кезінде ондай шарттың адал жолмен жасалу мүмкін еместігіне көз жеткізсе, бұл ішкі норманы бұзудың нақты көрінісі болып саналады. Мысалы, мемлекет өкілі мемлекеттің атынан келісім берген кезде белгілі шектеулерді елемегені байқалса, әрі мемлекет басқа қатысушы тараптарға өз өкілінің өкілетін асыра пайдаланғаны туралы хабарламаса, шарт сол мемлекет үшін міндетті болып қала береді, яғни мемлекет халықаралық міндеттерін орындамаған кезде ақталу үшін ішкі құқық нормаларына сілтеме жасай алмайды. Халықаралық құқықтың жалпыға ортақ қағидаты осындай. Бұл Вена конвенциясында көрсетілген.

Шарттың жарамсыздығы. Қателік

Халықаралық құқықтағы қателердің шартты жарамсыз ету күші, муниципалдық құқық бойынша жасалған келісімшарттағы қателер сияқты емес. Олар едәуір шектелген. Халықаралық шарттарда біржақты немесе екіжақты қателер өте сирек туындайды. Себебі, әртүрлі деңгейдегі шешім қабылдаушы лауазымды тұлғалар шартты қарап, ол туралы пікірлерін айта алады.

Вена Конвенциясы бойынша «мемлекет шартқа қол қойған кезде жіберілген қатенің себебінен шартты жарамсыз деп тану үшін шарт жасасып жатқан кезде мемлекетте сол қатені жіберіп алатындай жағдай болғанын дәлелдей алуы керек. Әйтпесе, шарт бойынша мемлекетке



жаңсақ міндеттеме жүктеуге сол қате себеп болса ғана, шартты жарамсыз деп тануға өтініш білдіре алады. Егер мемлекет сол кезде қате жіберілгенін білген болса, кейін сол қатеге сілтеме жасап, міндеттемені орындаудан бас тартуға құқығы жоқ». Мұндай шектеулі көзқарас бірнеше істе, соның ішінде Temple ісінде қолданылды. Халықаралық сот бұл істе Тайланд үкіметінің картада қателік кеткені және сот шешімін мойындамайтыны туралы мәлімдемесін қабылдамай тастады. Себебі «қателікке жол берілуіне мемлекеттің өзінің іс-әрекеті себеп болса және мемлекеттің сол қатені жібермеуге мүмкіндігі болғаны анықталса немесе мемлекет қатенің болатынынан хабардар болса, кейін сол қатеге сілтеме жасау арқылы шарттан бас тарта алмайды». Ақыры, Тайланд үкіметінің аталған мәлімдемесі қабылданбады.

Шарттың жарамсыздығы. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық

Мемлекет шартқа екінші мемлекеттің алдау, алаяқтық әрекетінің кесірінен қол қойса, 49-бапқа сәйкес, бұл шарт жарамсыз болады. Егер келіссөзге қатысып отырған мемлекет келісімін алу мақсатында екінші мемлекеттің өкілін тікелей немесе жанама түрде жемқорлыққа итермелеген жағдайда, Вена конвенциясының 50-бабына сәйкес, шарттың жарамсыздығына сілтеме жасауға болады.

Шарттың жарамсыздығы. Мәжбүрлеу

Шарттар құқығында мәжбүрлеу қатеден де, алаяқтық пен жемқорлықтан да маңызды. Мәжбүрлеу орын алған жерде шарт жарамсыз. Мемлекеттің келісімі оның өкілін мәжбүрлеу, қорқыту жолымен алынса, 51-бапқа сәйкес, бұл шарттың құқықтық күші болмайды.

Мәжбүрлеу арқылы мемлекеттің келісімін алу – өз алдына ерекше мәселе. Ұлттар Лигасы құрылғанға дейін «халықаралық шартқа келісім беру қарулы күш жұмсау қаупін төндіру арқылы мәжбүрлеу жолымен алынса, шарттың құқықтық күші болмайды» деген норма болмаған. Себебі ол кезде әдет-ғұрып құқығында соғысқа тыйым салатын нормалар жоқ еді. 1919 жылы Ұлттар Лигасы құрылып, 1928 жылы халықаралық дауды шешу үшін соғыс бастауға тыйым салатын Бриан-Келлег пактіне қол қойылғаннан кейін халықаралық қатынастарда күш жұмсаудың заңсыз екенін мәлімдейтін жаңа көзқарас қалыптаса бастады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Нюрнберг трибуналының қағидаттары пайда болды, ал Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы қабылданған соң халықаралық құқықта мемлекеттердің мәжбүрлеу шараларына тыйым салатын нормалар қалыптасты.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 2(4)-бабында былай айтылған: «Ұйым мүшелерінің барлығы халықаралық қарым-қатынаста басқа мемлекеттің территориялық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолданудан және Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсатына сай келмейтін басқа да шараларды қабылдаудан бас тартады». Мемлекетті мәжбүрлеу арқылы жасалған шарттың жарамсыз болатыны осыдан-ақ көрініп тұр.

Конвенцияның 52-бабы бойынша «егер шарт күш қолдану немесе қауіп-қатер төндіру арқылы мәжбүрлеу жолымен жасалса, сондай-ақ осы шартты қолдану БҰҰ Жарғысында аталған халықаралық құқықтың қағидаттарына қайшы келсе, шарт жарамсыз болады». Бұл баптың нормасы Вена конвенциясын қабылдар алдында өткізілген конференцияларда бірнеше рет қайта талқыланды. Коммунистік мемлекеттер мен бірнеше дамушы мемлекет тек күш қолдану арқылы ғана емес, сондай-ақ экономикалық және саяси қысым арқылы да мәжбүрлеу әрекеті жасалатынын айтты. Халықаралық құқық комиссиясының бұл мәселе бойынша қатаң ұстанымы болған емес, бірақ мәжбүрлеу ұғымының анықтамасына кіретін нақты әрекеттердің шеңбері БҰҰ Жарғысының нормаларына түсініктеме бере отырып, анықталуға тиістігін білдірді.

Вена конференциясында Шарт жасау кезінде әскери, саяси және экономикалық мәжбүрлеуге тыйым салу туралы декларация қабылданды. Конференцияда шарт жасау кезіндегі мәжбүрлеудің заңсыз екені айтылды. Ондай тармақтардың Шарттар құқығы конвенциясына енбей қалуы қазіргі кезде шарт жасасу кезінде саяси немесе экономикалық



қысымды пайдалану халықаралық құқыққа қайшы келмейтінін көрсетіп отыр. Дегенмен бәрі де сол сәттегі нақты жағдайға байланысты.

Шарттың жарамсыздығы. Jus Cogens

Вена конвенциясы бойынша «Шарт жасалған кезде халықаралық құқықтың жалпыға ортақ нормаларына қайшы келетін болса, бұл шарт жарамсыз болады. Халықаралық қауымдастық осы конвенцияны орындау мақсатында халықаралық құқықтың императивті нормаларын мойындайды, осы нормалардан ауытқуға жол бермейді. Бұл нормалар халықаралық құқықта дәл сондай сипаты бар нормалар арқылы ғана өзгертіледі». Конвенцияда, сондай-ақ, «халықаралық құқықтың жаңа императивті нормасы пайда болса, сол нормаға қайшы келетін кез келген шарт жарамсыз болып танылады және күші жойылады», – деп көрсетілген.

Шарттың жарамсыздығының салдары

Вена конвенциясында көрсетілгендей, жарамсыз шарттың құқықтық күші болмайды. Егер ондай шарттың негізінде қандай да бір іс-әрекет жасалса, онда тараптар сол іс-әрекетті жасағаны үшін қандай нормаларды қолданатыны туралы өзара келісімге келе алады. Ал егер осы әрекет жасалып біткенде шарт әлі де жарамды болса, онда бұл құқыққа қайшы болып саналмайды. Шарт 53-бапқа сәйкес жарамсыз болса, «тараптар jus cogens нормаға қайшы келетін кез келген іс-әрекеттің салдарын өзара қарым-қатынас кезінде императивті нормаларға сәйкестендіруге тиіс». Егер шарт 64-бапқа сәйкес тоқтатылса, тараптар осы шарт бойынша бұдан кейінгі міндеттерінен босатылады. Алайда шарттың тоқтатылуы тараптардың шартты орындау нәтижесінде туындаған құқықтарына, міндеттері мен құқықтық жағдайларына қатысты емес. Тараптар шарт тоқтатылған сәтке дейінгі міндеттерін, құқықтарын жаңа императивті нормаға сәйкес орындауға тиіс.

Шарттың тоқтатылуы және уақытша тоқтатылуы

Шарттарды тоқтатудың және уақытша тоқтатудың бірнеше әдістері бар. Сол әдістерді қазір қарастырып өтейік. Біріншісі, Шарт нормасы немесе келісім арқылы тоқтату. М. Шоудың пікірінше, шарттың тоқтатылуы мен уақытша тоқтатылуы шартта көрсетілген нормаларға қатысты және тараптардың өзара келісімі арқылы басқа уақытта да жүзеге асырылады. Дегенмен шартта оның тоқтатылуы туралы норма мен шартты денонсациялау туралы норма көрсетілмесе, бір тараптың шартты денонсациялауы мен шарттан шығуы – тараптар ондай мүмкіндікті мойындаған кезде немесе шарттың табиғатына байланысты сондай құқық берілсе ғана жүзеге асырылуы мүмкін. БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар пактісіне 1997 жылғы Жалпы түсініктемеде Вена конвенциясының негізінде пактіні тоқтату, денонсациялау туралы норманың жоқтығына сілтеме жасай келе, тараптарға пактіні тоқтату немесе денонсациялау жөнінде құқық берілмегенін айтты. Әрине, кез келген шарттың тоқтатылатын кезі, шарт мәнінің орындалатын кезі, уақыт бойынша бәрібір шектелетін кезі, мерзімі аяқталған кезі болады. Оны ешкім жоққа шығармайды.

Rainbow Warrior ісінде 1986 (бір жылғы Жаңа Зеландия мен Франция) арасындағы келісімнің бұзылғаны туралы мәселе трибуналда қаралды. Бұл істе кеменің суға батуына кінәлі Францияның екі қызметкері туралы мәселе көтерілген болатын. Трибунал Франция қызметкерлерінің қамалу мерзімі 1986 жылғы 22 шілдеде басталғанын және келісімде аталғандай, үш жыл бойы қамауда болуға тиіс екенін айтты, яғни қамау мерзімі 1989 жылғы 22 шілдеде аяқталуға тиіс. Сол күннен кейін Францияны қандай да бір халықаралық міндеттемесін бұзғаны үшін айыптауға ешбір негіз жоқ. Алайда қамау мерзімінің аяқталуы Францияны өзінің халықаралық міндеттемесін осы күнге дейінгі уақытта, яғни келісім күшінде тұрған кезде бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.



Айта кететін бір жайт, шарттың екі немесе одан да көп тараптары осы шарттың нормаларын бір-біріне қатысты мөлшерде өзара келісім арқылы өзгерте алады. Сондықтан, 58-бапқа сәйкес, шартта осындай мүмкіндік берілсе, шарт нормаларының күшін уақытша тоқтатуға құқық берілген.

Бұрынғы шарт мынадай кездерде тоқтатылады:

1. Шарттың тараптары кейінірек дәл осы шарттың мәніне қатысты басқа бір шарт жасасса;
2. Ендігі мәселе соңғы жасалған шарттың нормаларымен реттелетін болса;
3. Соңғы шарттың нормалары бұрынғы шарттың нормаларына қайшы келетін болса;
4. Екі шарттың нормаларын бір уақытта қатар қолдану мүмкін болмаса.

Шарттың өрескел бұзу салдарынан тоқтатылуы

Егер тараптардың бірі келісімнің маңызды бір нормасын бұзса, онда басқа тараптар келісімнің күші тоқтатылды деп есептеуге құқылы. Ондай шешім өзіндік репрессалия немесе қарсы шара сипатына ие болады. Мұндай әрекеттің орындалуы сирек болса да шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін тиімділігі жоғары. Сондай-ақ тараптардың бірінің осы шартты бұзуы екінші тараптың шартты орындауына кедергі келтіруі мүмкін. Ал тараптардың бірі шартты бұзып отырса және соның салдарынан шарттың орындалуына қауіп төнген болса, басқа тараптар шартқа берген келісін қайтарып алуы ықтимал. Ондай жағдайда белгілі бір деңгейде икемділік пен нақтылық қажет.

Әдет-ғұрып құқығында тараптар шартқа берген келісін қайтарып алуы үшін шарттың бұзылуынан әлдеқайда үлкен мәселе туындауы тиіс деген норма бар. Мысалы, Чили мен Перу арасындағы Таспа-Агиса ісінде арбитр Чили жаулап алған Перу территориясындағы плебисцит туралы келісімге сілтеме жасай келе, былай деген: «Егер әкімшіліктің өз өкілетін асыра пайдалануы келісімнің бұзылуына әкеп соқтыратын болса, келісімнің мақсатына жетуіне кедергі жасайтындай деңгейдегі әкімшілік құқықбұзушылықтың деңгейін анықтап алу қажет».

Шартты орындау мүмкін еместігіне байланысты тоқтату. Вена конвенциясының 61-бабында шартты орындау мүмкін болмаған жағдайлар туралы айтылады. Оның ішінде аралдың суға кетуі, өзеннің құрғап қалуы салдарынан шартты орындау мүмкін болмайтын кездер болады, яғни «шарт объектісінің жоғалуы мен қирауының кесірінен шарттың талаптарын орындау мүмкін болмаса, тарап шартты тоқтатуға немесе шарттан шығуға құқылы». Ал егер ол уақытша қиындық болса, онда тек шарт уақытша тоқтатыла тұрады.

Жағдайдың түбегейлі өзгеруіне байланысты шарттың тоқтатылуы. *Rebus sic stantibus* доктринасы – халықаралық әдет-ғұрып құқығының нормасы. Оған сәйкес, келісім жасалғаннан кейін келісім мәнінде түбегейлі өзгеріс болған жағдайда тараптардың бірі бұл келісімнен шыға алады немесе келісімнің күшін тоқтата алады. Мәнінде түбегейлі өзгеріс болғаннан кейін де кейбір шарттар ұзақ уақыт бойы күшінде қала беретін жағдайлар кездеседі. Жағдай өзгергеннен кейін тараптардың бірі шарт талаптарына наразылық білдіруге тиіс болған кезде осы қағидат қолданылады. Алайда бұл доктрина жиі сынға алынды. Себебі халықаралық құқықта міндетті юрисдикция жүйесі болмағандықтан, бұл қағидатты қолдану мемлекетке жүктелген міндеттемеге теріс әсер етеді. Сонымен қатар, шарттан шығуға негіз жеткіліксіз болғанына қарамастан, осы қағидатты қолдану арқылы шарттан шығуға жол берілуі ықтимал екені айтылды.

Дауларды шешу

66-бапта «егер дау БҰҰ жарғысының 33-бабында аталған құралдар арқылы он екі айдың ішінде шешілмесе, дауды шешуге бағытталған шара қабылдау керек» деп көрсетілген. Дауларға қатысты 53 және 64-баптарда (*jus cogens*) егер тараптар дау бойынша арбитражға жүгіну туралы ортақ келісімге келе алмаса, халықаралық сотқа жазбаша шағымдана алатыны айтылған. Егер дау конвенцияда айтылған басқа мәселеге қатысты болса, онда БҰҰ Бас хатшысының өтініші бойынша тараптар конвенцияға қосымшада көрсетілген тәртіппен бейбіт келіссөзге кіріседі.



Сұрақтар

1. Мемлекеттің ішкі конституциялық негізінің бұзылғаны сол мемлекеттің халықаралық шарт жасасуға уәкілетті тұлғасы қол қойған халықаралық шартты жарамсыз деп тануға негіз бола ала ма? Сіздің пікіріңіз қандай?
2. Экономикалық және саяси қысым көрсету арқылы мәжбүрлеу әрекетін халықаралық шартты жарамсыз деп тануға жеткілікті негіз деп санайсыз ба? Не себепті?
3. Шартты жарамсыз деп танудың қандай салдары бар?

Әдебиеттер

1. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М., Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. 7-тақырып.
2. Кулжабаева Ж.О., Международное публичное право. Общая и Особенная части. Алматы: Юридическая литература, 2006. 5 бөлім.
3. C. Aust, Modern Treaty Law and Practice, 3rd edn, Cambridge, 2013.
4. D. J. Klabbbers, The Concept of Treaty in International Law, The Hague, 2013.